

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ» ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



№ 4(24) қазан-желтоқсан 2020
ISSN 2710-3994



Бас редактор:
Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

Редакциялық алқа:

Абаиин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Еуропа университеті (Ресей)
Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызыл мемлекеттік университетінің ректоры. (Қырғызстан)
Аяған Бүркітбай Ғелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)
Әлімбаев Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)
Әбусейтова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)
Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)
Голден Кэти Стромилл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)
Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)
Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)
Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Қазақстан)
Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)
Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)
Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)
Матыжанов Кенжесхан Ісломжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)
Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)
Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)
Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)
Римантас Желвис (Želvys Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)
Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)
Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)
Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)
Сыдықов Ерлан Бәттайұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)
Таймағамбетов Жәкен Қожасметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

Жауапты редактор:
Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы
Ғылыми редактор:
Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы
Редактор:
Кубеев Рустем Жаулыбайұлы
Жауапты хатшы:
Қоңқабаева Арайлым
Техникалық хатшы:
Хумарзах Алтынбек

Главный редактор:
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия:

Абашиин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт-Петербурге (Россия)
 Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)
 Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)
 Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)
 Абиля Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)
 Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)
 Голден Кэти Стромилл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)
 Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)
 Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)
 Кожамжарова Дария Пернеишовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)
 Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)
 Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)
 Кокебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)
 Кумек Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)
 Матыжанов Кенжесхан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)
 Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания) Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана» Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)
 Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Гданьска (Польша)
 Римантас Желвис (Želvys Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет (Литва)
 Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)
 Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)
 Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)
 Таймагамбетов Жакен Кожакметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК (Казахстан)

Ответственный редактор:
Каипбаева Айнагуль Толганбаевна

Научный редактор:
Козыбаева Махаббат Маликовна

Редактор:
Кубеев Рустем Джаулыбайулы

Ответственный секретарь:
Конкабаева Арайлым Нурболатовна

Технический секретарь:
Хумарзах Алтынбек

Editor-In-Chief:

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

Members of editorial board:

Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)
 Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)

Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)

Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Ayagan Burkitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)

Karibayev Bereket Bakhytzhonovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)

Kozhirova Svetlana Bassieva – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)

Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)

Kokebayeva Gulzhaukar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)

Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)

Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)

Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)

Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)

Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)

Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)

Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Executive Editor:

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

Scientific Editor:

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Editor:

Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich

Executive Secretary

Konkabayeva Arailym Nurbolatovna

Technical secretary:

Khumarzak Altynbek

ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI 03.20.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ САНДЫҚ КӨРСЕТКІШІ БОЙЫНША ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕР

Әпендиев Т.Ә.

PhD, Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты,

Аңдатпа. *Kіріспе.* XX ғасырда кеңестік Қазақстанда адам капиталын дамытудың, оның ішінде жұмысшылар мен ауыл тұрғындары санының артуына мемлекеттік саясат ерекше ықпал етті. Кеңес Одағында құрылғаннан бастап қалыптасқан осындай мемлекеттік саясаттың басты бағыттарының бірі демографиялық процестермен де байланысты еді. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін тарихи оқиғаларды бағалауға деген көзқарас түбірімен өзгерді. Адамзаттың өткен тарихын өркениеттік, халықтық, ұлттық тұрғыда зерттеуге ден қойылып, Қазақстан халқының, оның ішінде ауыл халқының демографиялық дамуының саяси-тарихи үдерістермен тығыз байланыстылығы жаңа теориялық ұстанымдар негізінде қайта қарала бастады. Көші-қон үдерістерін тарихи демографиялық аспектіде зерттеу қазіргі Қазақстан тарих ғылымының ішкі өзгерістерімен қатар, тарихи білімді жаңарту үдерісін басынан өткізіп жатқан тарих ғылымындағы өзгерістерге қатысты жүзеге асырылуда. Осындай жағдайда ұлттық тарихты оқшауламай, ұлттық тарихтың шындығын қайта жаза отырып, зерттеуде қолданылатын методологиялық принциптердің ғылымдағы ортақтығына көңіл бөлеміз. Мақалада 1945-1955 жылдар аралығындағы Қазақстандағы ауыл тұрғындарының демографиялық процестері мен тарихы зерттеледі. Аталған кезеңдегі ауыл халқының демографиясын, тұрмысын және оған ықпал еткен көші-қон процесін зерттеу – мақаланың басты міндеті болып табылады.

Түйін сөздер: Қазақстан, көші-қон процесі, демография, ауыл халқы

ДЕМОГРАФИЧЕСКИЕ ПРОЦЕССЫ ПОКОЛИЧЕСТВЕННОМУ ПОКАЗАТЕЛЮ СЕЛЬСКОГО НАСЕЛЕНИЯ В КАЗАХСТАНЕ В 1945-1955 гг.

Апендиев Т.А.

Институт истории и этнологии им.Ч. Валиханова, Казахстан, г.Алматы

Аннотация. *Введение.* В XX веке в советском Казахстане особое влияние на общую ситуацию в республике оказала государственная политика развития человеческого капитала, в том числе увеличения численности рабочих и сельских жителей. Одно из главных направлений такой государственной политики, сложившейся с момента создания в Советском Союзе было связано и с демографическими процессами. В 40-50-е годы прошлого столетия, проведенные в СССР внутренние миграционные процессы и увеличение рождаемости населения, увеличение сельского населения способствовали развитию государства. Сельское население в основном считалось главной рабочей силой сельского хозяйства и производства. Но несмотря на то, что данное изменение в стране внесло большой вклад в развитие демографических процессов у сельского населения, оно привело к уменьшению местного населения – казахского народа, а также увеличению количества представителей других национальностей в стране. После обретения независимости подход к оценке исторических событий в стране в корне изменился. На основе новых теоретических принципов начало пересматриваться цивилизованное,

народное, национальное исследование истории человечества, тесная связь демографического развития населения Казахстана, в том числе сельского, с политико-историческими процессами. Исследование миграционных процессов в историческом демографическом аспекте осуществляется не только с внутренними изменениями исторической науки современного Казахстана, но и с изменениями в исторической науке, которые проходят процесс обновления исторических знаний. В этих условиях мы уделяем внимание общности в науке методологических принципов, применяемых в исследовании, переписывая истину национальной истории, не изолируя национальную историю.

В статье исследуются демографические процессы и история сельского населения Казахстана с 1945-1955 гг. Главной задачей статьи является изучение демографии, быта и миграционного процесса, оказывающих влияние на сельское население данного периода.

Ключевые слова: Казахстан, демография, сельское население, миграционный процесс.

DEMOGRAPHIC PROCESSES IN QUANTITATIVE TERMS OF THE RURAL POPULATION IN KAZAKHSTAN IN 1945-1955

Apendiyev T.A.

Ch.Ch.Valikhanov Institute of History and Ethnology. Kazakhstan, Almaty.

Abstract. Introduction. In the 20th century, in Soviet Kazakhstan, the state policy of human capital development, including increasing the number of workers and rural residents, had a great impact. One of the main directions of this state policy, which has developed since its establishing in the Soviet Union, was associated with demographic processes. In the 1940-1950s, internal migration processes held in the USSR and an increase in the birth rate of the population, an increase in the rural population contributed to the development of the state. The rural population was generally considered as the main labor force in agriculture and manufacturing. Despite the fact that this change in the country made a great contribution to the development of demographic processes among the rural population, it led to a decrease in the local population – the Kazakh people and an increase in the number of representatives of other nationalities in the country.

After gaining independence, the approach to analyze the historical events in the country has changed radically. On the basis of new theoretical principles, the civilized, popular, national study of the history of mankind began to be revised, the close connection of the demographic development of the population of Kazakhstan, including rural, with political and historical processes. The study of migration processes in the historical demographic aspect is carried out not only with internal changes in the historical science of modern Kazakhstan, but also with changes in historical science, which are undergoing the process of updating historical knowledge. In these conditions, we pay attention to the generality in science of the methodological principles used in research, rewriting the truth of national history, without isolating national history.

The paper examines demographic processes and the history of the rural population of Kazakhstan in 1945-1955. The main objective of the article is to study demography, everyday life and the migration process that affect the rural population of this period.

Keywords: Kazakhstan, demography, rural population, migration process.

Қысқаше

Өткен ғасырдың 40-50 жылдары КСРО-да жүргізілген ішкі миграциялық процестер мен халықтың туу көрсеткішінің артуы, ауыл халқының көбеюі сынды факторлар мемлекеттің

дамуына септігін тигізді. Ауыл халқы негізінен ауыл шаруашылығы мен өндірістің басты жұмыс күші саналды. Дегенмен бұл елімізде ауыл халқында демографиялық процестердің дамуына үлкен үлес қосқанымен, ол жергілікті ұлт – қазақ халқының азайып, елде өзге ұлт өкілдерінің көбеюіне алып келді. Соңғы жылдары Қазақстан тарихнамасында республиканың қоғамдық-саяси, әлеуметтік экономикалық жағдайына қатысты ғылыми зерттеу жұмыстары жазылу үстінде. Солардың ішінде өткен ғасырдың басынан Қазақстан территориясына қоныстанып, Қазақстанның экономикалық, әлеуметтік-саяси демократиялық тұрғысынан жедел дамуына өзіндік үлес қосқан әртүрлі ұлттардың тарихы болып табылды. Себебі, әртүрлі этностар бүгінгі таңда қоғамда бірігіп өмір сүріп, Қазақстанның егеменді тұтқасын берік ұстанып келеді. Өткен ғасырдағы тәжірибелер көрсеткендей, ұлтаралық татулық, мемлекеттік тұрақтылық елдегі экономиканы өркендетуге, ғылым мен мәдениеттің дамуына жәрдемдесетіндігі күмәнсіз.

Материалдар мен әдістер

Кеңес дәуірінде демографиялық үдерісті жоспарлау, жүргізу, нәтижелерін халықтың санасына сіңіруде ұлттық ерекшелік мәнсізденіп, халықаралық сипаттағы таптық мән басты идеологиялық тақырыпқа айналды. Тек қазақ жерінде ғана емес, бүкіл кеңес елінде тоталитаризмнің үстемдік етуіне мүмкіндік берген идеология барлық ұлт өкілдерінің тарихын бұрмалады. Ал қазіргі плюралистік ұстанымдар мен көзқарасқа негізделген философиялық ойлар мен тұжырымдардың негізінде кеңестік кезеңде Қазақстан ауылдарындағы халықтың демографиялық жай-күйін зерттеу бұрынғы жазылған еңбектерде берілген тарихи және теориялық бұрмалаушылық негізінде орын алған олқылықтардың орнын толтыруда.

Кеңес дәуіріндегі тарихи білімдер вакуумын толтыру объективтілікті, шынайылықты, тарихилық пен нақтылықты субъективизмнің жетегіне кетпей, нақты анықтау арқылы жүзеге асырылады. Сонымен бірге, нәтижелері мен зерттеу әдістерін пайдалану үшін басқа тарихи мектептердің ғылыми әлемдегі танымал тұжырымдамалары мен бағыттарының жетістіктерін есепке аламыз. Бұндай ұстаным ұлттық тарихты әлемдік құбылыстардан оқшауламауға, ұлттық деңгеймен шектелмей, отандық тарихтың зерттелмеген бос кеңістігін толтыруға мүмкіндік береді. Осы тұста Қазақстанның тарихи демографиялық мәселелерін зерттеудің өзіндік ерекшеліктері бар екендігін айта отырып, оның өткенін толық түгендеу қажет. Осы кезге дейін жарияланған зерттеулерде кеңес өкіметі тұсындағы Қазақстандағы демографиялық тарих Одақ көлеміндегі тұтас үдерістің құрамдас бөлігі ретінде көрсетілді. Ал біздің зерттеуімізде республикадағы демографиялық процестер мемлекет шеңберінде жүзеге асырылғанын көрсетіп, сол тұрғыдан қарастырады.

Ф.Н. Базанованың кеңес дәуіріндегі халықтың қалыптасуы мен дамуы мәселесі қарастырылған монографиясында көші-қон үдерістері халық санының өзгерістерінің басты факторы болып көрсетіліп, соның ішінде тұрғылықты емес ұлт өкілдерінің санының өсіміне себеп болған республикааралық көші-қон екені айтылады. Еңбекте көші-қоншылардың Қазақстанның экономикалық дамуына қосқан үлесі де қарастырылады. Бірақ автор көші-қон саясатының нәтижесін, оның жергілікті ұлттың болмысына тигізген әсерін көрсеткен жоқ (Базанова 1987:18).

Қазақстандағы халықтану мәселесіне арналған зерттеулерде халық сандық құрамындағы өзгерістердің негізгі факторы – көші-қонның рөлі көрсетіле бастады. Жаңа көзқараспен талдау арқасында көші-қонның келімсектерден басқа бағыттары, оның ішінде шетелдерге, Одақ кезінде басқа республикалар мен аймақтарға, өз еліміздің ішінде (облысаралық, қала-ауыл, қала-қала, ауыл-қала және т.б.) болған түрлері жан-жақты талдана бастады. Әсіресе, қазақтардың демографиялық күйзелістер мен апаттар кезінде ауа көшіп, қоныс аударуы, оның себептері мен зардаптары және т.б. жақтарына ерекше көңіл бөлінді (Қозыбаев және т.б., 1992:12). Кеңестік кезеңде идеологиялық тұрғыда тыйым салынған тақырыптың бірі – демографиялық дамудың

барысы, үрдістері, негізгі нәтижелері қарастырылған зерттеулердің көшбасшысы болған М.Х. Асылбековтің еңбектерінде Қазақстандағы әлеуметтік-демографиялық үдерістердің зерттелу деңгейіне арнайы көңіл бөлініп, бұл мәселеге жаңа көзқарас тұрғысынан тарихнамалық шолу жасалған.

Тәуелсіздік жылдарынан бері бұл тақырып аясында еліміздің ЖОО мен институт ғалымдары айналысып келеді. Басты мақсат – XX ғасырда кеңестік ұлт саясатына байланысты елімізде орын алған демографиялық процестерді зерттеу болып, онда бұл тақырып аясында іргелі ғылыми тақырыптар қолға алынды. Қазақстанда тарихи демографияның дамуы мен методологиясы жайында көлемді ғылыми еңбектер де жарық көрді. Мысалы, М.Х. Асылбеков (Асылбеков, және т.б., 1991:35), В.В. Козина (Козина, 2001:15) және А.И. Құдайбергенованың (Құдайбергенова, және т.б., 2005:10-11) көлемді еңбектері жарияланды. Сондықтан, мұндай еңбектер тарихнамалық және тарихи тұрғыдан зерттеулер жасауға негіз болары сөзсіз.

Қазақстан халықтарының тарихын зерттеу жұмыстары мен оның ішінде ауыл тұрғындарының сандық көрсеткіштерінің демографиялық сипаты халық санын зерттеу аясында көпфакторлы әсерлердің өзара байланысы тұрғысынан зерттелді. Кеңестік кезеңдегі Қазақстан халқының демографиялық тарихын, құрамын зерттеу уақыт өте заманауи методология негізінде зерттелуде. Кеңестік дәуірде таптық көзқарасқа негізделген теория мен методология тарихты, әсіресе, ұлттық тарихты бұрмалаушылыққа әкелгені белгілі. Демографиялық мәселелер мен мәліметтер қатаң бақылауға алынып, қадағаланып, басқарылып қана қоймай, барлық көрсеткіштер билік саясатының қажетіне бейімделіп жазылды. Мемлекет халқының демографиялық зерттелуіне деген идеологиялық қағидалар тіпті қатаң болды. Ең бастысы, тұрғылықты ұлт – қазақтардың демографиялық дамуындағы апатты жағдайлар көмескіленіп, елде орын алған үдерістер оңды маңызы жағынан ғана түсіндірілді.

Негізгі бөлім

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы табиғи қозғалыстың негізгі үрдісін анықтауда көптеген зерттеулерде туу көрсеткіші төмендеп, өлім-жітім өсті, сол себепті табиғи өсім төмендеді деп көрсетеді. Осы жерде анықтап кететіні, табиғи қозғалыс көрсеткішін талдасақ, онда табиғи өсім мен туу көрсеткішінің кемігені нақтыланады да, бірақ өлім-жітімнің өскені дәлелденбейді. Керісінше, соғыс жылдарында өлім-жітім көрсеткіштері де төмендеген. 1943-1944 жж. республика халқының өсу үрдісі екі жыл бойы тоқтап қалды, ал 1944 ж. бойғы эвакуация мен табиғи өсімнің төмендігі 1944-1946 жж. республика халқын 104, 1 мың адамға кемітті. 1941-1945 жж. республикаға 1257,6 мың адам келіп, 902,2 мың адам кетіп, 255,4 мың адам (келгендердің 20,3%-ы) тұрақтады. Ауыл халқының саны кеміп, қала халқы көші-қон есебінен 13,3%-ға өсіп, 1939 ж. (27,7%) салыстырғанда 1945 ж. (37,8%) үлесі 11,1 пунктке көтерілді. Соғыстан кейінгі жылдары да эвакуацияланғандар қайтып жатты, бірақ механикалық қозғалыс оң көрсеткіш көрсетті: 1946 ж. Қазақстан халқы көші-қон есебінен 164,0 мың адамға өсті.

Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында елдің саяси, экономикалық және әлеуметтік жағдайымен тығыз байланыста жүрген көші-қон республика халқының көпұлттану үдерісін жеделдетіп, халықтың жастық-жыныстық құрамындағы арасалмақты өзгертті. Осы кезден бастап, жастық-жыныстық құрылымның арасалмағында әйелдердің, қарттар мен балалардың үлесі басым бола бастады (Құдайбергенова, 2010:30).

Соғыстан кейінгі жылдары барлық күш жігер негізінен өнеркәсіп саласын дамытуға жұмсалып, ауыл шаруашылығы едәуір артта қалып қойды. Кәсіпорындар мен мекемелерде белгілі уақыттық жұмыс тәртіптері енгізіліп, қосымша демалыс уақыттары белгіленсе, ауыл шаруашылығындағылар үшін бұл мәселе назардан тыс қалып отырды. Оған себеп ауыл шаруашылығында техниканың жетіспеуі еңбек ресурстарының да жеткіліксіз екенін көрсетті.

Ауыр жұмыстар қол еңбегімен орындалды. Барлық өнім мемлекетке өткізілді. Бұл республикамыздағы тұрғын халықты күнделікті азық-түлік өнімдерімен, қамтамасыз етуге әсер етті.

Мал шаруашылығында жем-шөптің жетіспеуі, оны дайындауға мүмкіндік болмай, мал шығынына әкеп соқтырды. Бұл жағдай 50-жылдардың басына дейін созылды. Соғыстың аяқталғанына біраз уақыт болса да ауыл шаруашылығы халықты азық-түлік өнімдерімен, өнеркәсіп шикізаттарымен қамтамасыз ете алмады. Халық шаруашылығында, оның ішінде, ауылдық әлеуметтік-мәдени ісін өркендету барысында біршама қиындықтармен қатар келеңсіз кедергілер де болып отырды. Бұны шешу қаржы мәселесіне келіп тірелді. Ал жер аударылған халықтардың негізгі бөлігі ауылдық жерлерге қоныстандырылғаны белгілі. Олардың колхозға орналастырылғандары көбінесе егіс жинауға, дәнді-дақылдарды, мақта, темекі егістігі күтіміне, мал шаруашылығында және басқа салада жұмыс істеді (Қожаханова, 2007:12-13).

Десек те халық тұрмыстық қиыншылықтарды көтере білді. 50-жылдардың басында ұсақ колхоздарды біріктіріп, ірілендіру іске асырылғаны мәлім. Сонымен қатар, 1950 жылдың орта шенінде Қазақстан Республикасында тың игеруге байланысты тұрғын үй, мәдени-тұрмыстық және мал шаруашылығы құрылыстарын салу жұмыстары ұлғайтылды. Осындай игі істерге жергілікті халықпен бірге ауыл-селолық жерлерге орналастырылған жер аударылғандар да белсене араласты. Ауыл шаруашылығының алдында тұрған міндеттерді табыспен орындау мемлекеттік саясатқа еңбек адамдарына, ауыл мен селоны қамтамасыз ететін өнеркәсіпке, бүкіл сондағы инфрақұрылымға байланысты еді. Соғыстан кейін мемлекет тұңғыш рет ауыл шаруашылығына басты назар аударып, халықты ынталандыруға, тұрмысына, рухани және мәдени сұраныстарын қамтамасыз етуге көңіл бөлді. Сөйтіп ауыл шаруашылығындағы еңбеккерлер табысы ескеріліп, тұрмысы түзеле бастады, еңбекке деген ынталары өсті. Жергілікті кеңестердің ауыл және село тұрғындарымен бірге ұйымдастыру жұмыстарында халықтың білім алуы, денсаулық сақтау, сауда, мәдениет және тұрмыс, жол құрылысы оған ауыл тұрғындарының бірауыздан атсалысуы талап етілді. Сондай-ақ МТС жұмыстары жандандырылып, техникалық қажеттіктер, мал шаруашылығына, егін шаруашылығына машиналар бөлініп берілді.

Сөйтіп ауыл шаруашылығын дамыту шаралары іске асырылды. Жұмысшылар жалақысы өсіп қана қоймай, қосымша еңбекақы енгізілуі ауыл шаруашылығындағы жетістіктердің көбеюіне септігін тигізді. Себебі жұмысшылардың еңбекақысының өсуі олардың ауыл шаруашылығындағы кіріс көлемінің мөлшеріне байланысты болды. Ауыл шаруашылығының материалдық-техникалық базасының нығаюы, ондағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің дамуы, өңдеуші өнеркәсіптің дамуына, олардың өзара байланысуына жағдай жасады. Ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп өндірісінің осындай байланысын орнықтыратын совхоз, колхоздар мен зауыттар, мал фермалары мен фабрикалардың әсері күшті болды. Совхоздар мен зауыттардың байланысы ауыл шаруашылығы өндірісімен, оның өнімдерін өнеркәсіптің өңдеуі негізінде өздерінің тиімділігін арттырды (Қожаханова, 2007:13-14).

XX ғасырдың 40-50 жылдары Қазақстан демографиясында сан жағынан негізінен депортацияланған халықтар мен көшіп келушілердің рөлі үстем болып, олар ауыл халқының өсуіне ерекше ықпал етті. Екінші дүниежүзілік соғыстың қарсаңында және соғыс жылдары Қазақстан жеріне күштеп көшірілген халықтар корей, поляк, неміс, украин, шешен, ингуш, түрік және басқа да халықтар ауыл халқының санын тым өсіріп жіберді және тіпті жаңа ауылдардың пайда болуына әкелді. Көшірілген халықтар республиканың барлық облыстарына дерлік тарады. Олардың үлкен бөлігі ауылды жерде орналасқандықтан ауыл шаруашылығына белсене араласты. Соның негізінде ауыл халқының демографиясы айтарлықтай өсті.

Жер аударылып келген халықтардың қоныстанған жерлерінде алғашында ауыл шаруашылығында еңбекке аз араласты. Оған себеп өз ата-мекенінде қызмет атқарған немесе ауыл

шаруашылығына араласып көрмеген, басқа жұмыстарда істеген адамдар колхоз, совхоздардың ауыр жұмысына бой ұсына бермеді. Сондай-ақ, бірнеше адам істейтін жұмысты, жұмысшы күшінің жетіспеуінен бір адамның атқаруы, яғни ауыл шаруашылығына берілген техниканың жеткіліксіздігінен ауыр жұмыстарды қол күшімен орындау да қиынға соқтырды.

Сонымен қатар ауыл шаруашылығының әр саласына бұрынғы бөлінген қаржылардың тиімді жұмсалмауындағы кемшіліктерге назар аударылып, болашақта жұмсалатын және жетпей жатқан қаржының орнын толтыру мәселелерін де қарастырды. Мысалы, бұрындары 3-4 жылдың аралығында 500-600 мың шары метр жерге тұрғын үй салынып келсе, енді 3-4 жыл аралығында 3 миллион 200 мың шаршы метрге тұрғын үйлер салынды. Бұл халықтың әл-ауқатының түзеле бастағанның да белгісі еді.

Ауыл шаруашылығында жер аударылғандар арасында жұмыстар жандана түсті. Үй құрылыстары көбейіп, ауылдық жерлерге адамдар тұрақтай бастады. Күштеп қоныстандырылған халық арасында ауыл шаруашылығының жұмыстарына белсене араласу байқалды. Мәселен, облыс аудандарына қоныстанған 1 721 жер аударылған халықтан 1 300 адам мал шаруашылығы мен егін шаруашылығында жұмыс істеген болса, Қостанай облысында 44 072 жер аударылған адамдардың 19 289-ы колхоздарда, 9 336-ы совхоздарда жұмыс істеді. Павлодар облысында жер аударылған адамдардан 1955 жылы 25 қаңтар көрсеткішінде колхоздарда 14 361 адам, МТС-те 2 254 адам, совхоздарда 6086 адам еңбек етті (Депортированные, 1998: 272-277).

Қоныс аударылған халықтар әртүрлі әлеуметтік топтарға жатты. Бұлардың арасында зиялы қауым өкілдері, жұмысшы табы да, шаруалар да болды. Дегенмен олар өзінің мамандығы бойынша қызмет етпеді. Олардың білімі, мамандығы ескерілмеді. Білікті инженер немесе экономист колхоз, совхоздарға малшы, күзетші, тракторшы т.б. қара жұмыс істеді. Мәселен, өз жерінде мұнай саласында қызмет еткен шешен-ингуштар мен зауыт-фабрикада жұмыс істеген поляк, немістер колхоз-совхозды жерлерге қоныс аударылғаннан кейін өз мамандықтары бойынша емес, ең ауыр қара жұмыстарға жегілді.

Жер ауып келгендердің бастапқы кездерде жалақылары да өте төмен болды. Дегенмен жақсы жұмыс істеп, көзге түскендерге, күнделікті еңбек мөлшерін орындап жүргендерге жалақыны көбейтіп отырған. Оларға еңбекақы тамақ түрінде де берілді. Соғыс басталған жылдары төмен жалақыға қарамастан майдан есебіне, әскери техника жасауға Ақмола облысының неміс ұлт өкілдері 70 миллиондай ақша жинап берген.

Неміс ұлттары кен өндіру орындарында, оның ішінде алтын өндіру кеніштерінде жұмыс істеген. Олардың арасында ауыл шаруашылығында еңбегімен көзге түсіп, үкімет тарапынан Еңбек Қызыл Ту орденімен 8 адам марапатталды. Шешен ұлт өкілдерінен 1946 жылы ірі өнеркәсіп орындарында 826 адам жұмыс істеп, оның көпшілігі қажірлі еңбектерімен көзге түскен. Ірі өнеркәсіп, кәсіпорын, фабрика, зауыттарда жұмыс істейтіндердің арасында социалистік жарыстар өткізіліп, өзге ұлт өкілдерінің арасында суырылып алға шыққандар да болды. Ауыл шаруашылығында жер аударылғандар арасында үздік еңбектерімен көзге түсіп, Кеңестер Одағының түрлі марапатына ие болғандардың қатары көбейді. Павлодар облысында мемлекет тарапынан 131 адам марапатқа ие болған.

1954 жылы тың және тыңайған жерлерді игеруге қоныс аударғандар тың белсене атсалысып, олардың араларынан да үкімет марапатына ие болғандар болды. 1955 жылы 29 маусымда КОКП ОК-нің «Қоныстанушылар арасында саяси жұмысты жаппай күшейту туралы» қаулысының қабылдануы ұлттар арасында үгіт-насихат жұмысын өрістетті. Алайда олардың ана тілінде дәрістер оқу, радиодан түрлі бағдарламалар мәселелері ол уақытта қолға алынбады (Сон Ен, 2010:17-18).

Корей ұлтын оңтүстік және солтүстік өңірлерге қоныстандырудың өзіндік мақсаты болды. Әрбір ауданда көшіру мен қайта қоныстандыру жұмысында негізінен экономикалық-

географиялық жағдайлар қарастырылды. Көшіру мен қайта қоныстандыруда екі көзқарас болды. Оның бірі, экономикалық тиімділік (колхоздарда жұмысшылар жетпеді, жетекші сала ауыл шаруашылығы болды, азық даярлау орындалмай қалатын кездер болды), ал корейлерге келсек, олар еңбекқор, шыдамды халық, жаңа орында да аз ғана уақыт ішінде өздеріне берілген жаңа жерді өңдеп алады, себебі олардың этникалық мінездемесіне үңілсек, бұл халықтың қол қусырып отырып алмайтыны белгілі, бірден іске кірісіп кетеді. Екінші көзқарас, корейлер жаңа орынды игеруге мәжбүр болды, олар қолға алған ісін соңына дейін дұрыстап жасауға машықтанған халық, демек жерді жыртып, егінді де егеді, жерді қазып, көкөністі отырғызады, өмір сүру үшін қажетті қор мен күшті де табады. Корейлердің осындай еңбекқорлығын барынша пайдалану қажет еді (Сон Ен, 2010:18-19).

Соғыстан кейінгі демобилизация, отбасылардың қайта бірігу мен некеге тұрудың өсуі табиғи қозғалыста компенсаторлық кезеңді туғызды. Халық шаруашылығын қалпына келтіру, жаңа өндіріс орындары (шикізаттық бағыттағы) мен әртүрлі көлік жолдарын іске қосу, жаңа қалалар мен қала типтес поселкелердің құрылуы, ауыл шаруашылығындағы реформалар, тың және тыңайған жерлерді игеру және т.б. негізіндегі көші-қонның өрістеуі мен табиғи өсім республика халқын 3360,2 мың адамға (56,6%-ға) өссе, оның 2346 мың адамы (69,8%-ы) 1955-1960 жж. тиесілі. 1939-1959 жж. республикадағы ауыл халқы 19,0%-ға, тың өлкесінде 83%-ға өсті. Тың жерлері игерілген облыстардағы механикалық өсімнің бүкіл республикалық өсімдегі үлесі 1952 ж. 2,3%, 1953 ж. 4,0% ғана болса, 1954 ж. 31%-ға, 1955 ж. 47%, ал 1956 ж. 49,9%-ға дейін көтерілді. Тың жерлер игерілген облыстарда халық 828 мың адамға (143 %) өсті. Халқы ерекше қарқынды өскен Қостанай (343 мың адамға немесе 193,2 %-ға), Павлодар (204 мыңдай адамға, 181,1 %-ға) мен Көкшетау (187 мың адамға, 161,2 %-ға) облыстары болды. Қазақтар республикада 474 мың адамға өссе, бұл өлкеде 10,5 мың адамға кеміп, 1939 ж. деңгейінің 97,9 %-ын құрады. Әсіресе, Солтүстік Қазақстан облысының халқы осы жылдары 84,5 мыңға кеміп, 1959 ж. 1939 ж. деңгейінің 84,4%-ын құрағанда, мұндағы орыстар 106,3%-ға, немістер 151,6%-ға өсті.

Ал қазақтар (44,1 %) мен украиндар (42,7 %) үлесі кеміген. 20 жыл ішінде орыстардың 1523 мыңдық өсімінің ішіндегі 435,4 мыңы тың өлкесіндегі өсім (28,6 %) есебінен ұлғайған. Қостанай (173 мың адамға немесе 246,5%-ға) мен Көкшетау (88 мыңнан аса адамға немесе 175,4%-ға) облыстарындағы орыстар саны өсті. Украиндар Солтүстік Қазақстан (31,6 мыңға) мен Ақмола (5 мыңға) облыстарында кемігенімен, Қостанай (46,3 мыңға, 144,5 %-ға) мен Көкшетау (11 мыңға, 121,8 %-ға) облыстарында көбейді. Немістер 539 %-ға, тың өлкесінде 8-9 еседей өсті. Қазақтар екі санақ арасындағы өсімнің 14,6 %-ын, орыстар 48,2 %-ын, басқа ұлттар 37,2 %-ын берді. Оңтүстік Қазақстанда ғана қазақтың табиғи өсімі 66 %-дық үлеске ие болды. Тың қазақты тұқыртып, 1959 ж. санақта үлесін 29,7%-ға түсірді. Тың игеру кезінде ұлттық фактор есепке алынбады, көшіп келушілер ішінде қазақтар саусақпен санарлықтай болды. Көші-қонғандар ішінде 1954-1962 жж. шетелден келген отандастарымыз да бар. Олар саяси идеологияның қатаң бақылауында жүріп-ақ, қазақтың этномәдениетіне үлес қосты (А.И. Құдайбергенова, 2010:31).

Бұл кезеңде Қазақстан халқының демографиялық дамуында сырттан келген қоныстанушылардың демографиялық мінез-құлқы шешуші рөл атқарды. Халық құрамында славян типтес халықтардың үлесі көтерілген сайын табиғи өсім көрсеткіштеріндегі олардың шешуші рөлі жоғары болды. Мысалы, тың және тыңайған жерлерді игеру шарасының нәтижесінде сырттан келгендер ішінде еңбек ету және некеге тұру жасындағылар үлесі мен әлеуетінің басым болуы. 1956-1964 жж. туу көрсеткіштерінің күрт өсуіне, табиғи өсім мен халық өсімінің көтерілуіне әкелді. Сырттан келген қоныстанушылардың негізгі дені 20-35 жастағылар және ер адамдар болғанымен, жыныстық арасалмақта ерлердің жетімсіздігін туғызған Ұлы Отан соғысынан кейінгі жағдай түзелмеді: 1959 ж. ерлер – 47,5%, әйелдер – 52,5% болды. Тың және тыңайған жерлері игерілген, өндірісі дамыған аймақтарда 25-49 жастағылар үлесінің жоғары болуынан некелесу коэффициенті де жоғары болды.

1955 ж. 20-29 жастағылар некеге тұрғандардың – 64,8 %-ы, 1957 ж. – 66,5 %-ы болды. Некелескендердің ішінде 18-29 жастағы әйелдер 1955 ж. – 76,1 %-ын, 1957 ж. – 78,3 %-ы құрады. 1950-1955 жж. некелесу көрсеткіші 0,8 %-ға өскенде, тың жерлері игерілмеген Алматы (2,5%-ға), Батыс Қазақстан (1,4%-ға), Қызылорда (3,6%-ға) облыстарында төмендеп, тың жерлері игерілген Павлодар (2,6 %-ға), Ақмола (4,0 %-ға), Көкшетау (4,2 %-ға) және Қостанай (6,0%-ға) облыстарында өскен. Некелесу коэффициенті тың игерілген облыстарда жоғарғы, ал Оңтүстік және Батыс облыстарда төменгі деңгейді көрсетті. Мысалы, республикадағы орташа некелесу коэффициенті 1956 ж. 12,5 %, 1957 ж. 13 % болғанда, жылдарға сәйкес, Ақмола (14,4%; 15,3%), Көкшетау (14,45%; 16,2%), Қостанай (14, %; 15,3 %) және т.б. облыстарында жоғары болды. Кейбір аудандарда ерекше жоғары – Ақмола облысының Есіл ауданында 1956 ж. 21%-ге жеткен. Тың игерілмеген облыстардағы көрсеткіш республикалық деңгейден төмен: Алматы (10,0%, 9,7%), Атырау (10,1%, 10,6%), Қызылорда (8,5%, 9,9%) және т.б.. Тың игеру жылдарының аяғына қарай жалпы республикалық көрсеткіш барлық облыстарда біртектес деңгейге түсті (А.И. Құдайбергенова, 2010:32).

Келесі кезекте, ауыл халқының негізгі бөлігі саналып, сол уақытта Қазақстан демографиясына үлкен өзгеріс әкелген соғыс кезінде күштеп көшірілген халықтарға жеңілдік немесе оларға кешірім беру қарала бастады. Кеңес Одағы мен оның ішінде Қазақстанда соғыс кезінде депортацияланған халықтарға құқықтық бостандықтар беріліп, оларды бұрынғы «сатқын», «халық жауы» сынды атақтарын алып тастады. Сол сияқты қазақстандық немістерден де «сатқын», «фашист» сынды негізсіз тағылған айдарлар алынып тасталды. Мұндай құқықтық бостандықтарды берілуі немістердің әлеуметтік жағдайына бірден өзгерістер алып келді. Олардың тіпті әлеуметтік құрылымдарында да өзгешіліктер пайда болды.

Келесі кезекте, осындай қаулы-шешімдерден кейін кеңес қоғамында немістерді саяси-әлеуметтік беделі бірте-бірте жоғарылай бастады. Жоғарыда атап өткендей, немістердің негізгі бөлігі ауылды жерлерде орналасып, олар өздерінің еңбекқорлығы мен жаңашылдығының арқасында бірқатар нәтижелерге қол жеткізді және соның негізінде олардың әлеуметтегі орны ерекшелене бастады. Оның басты көріністері тың игеру жылдарында байқалды. Мысалы, немістердің ең көп шоғырланған аймақтарының бірі Солтүстік Қазақстан облысында 50-жылдардың ортасында осы облыстың сегіз колхоздық шаруашылығында неміс этносынан шыққан адамдар төрағалық етті. Сонымен қатар, колхоз төрағаларының орынбасарлары, меңгерушілер, бөлім басшылары бас агроном, зоотехниктер мен ферма басшылары болды. Сондай-ақ Павлодар облысында да ауыл шаруашылығында ауқымды қызмет атқарып қоғам назарына іліккен неміс этносының өкілдері де болды. Соғыс жылдарында күштеп қоныс аударылған немістер арасынан еңбекқорлығымен танылған немістер Социалистік Еңбек Ері және осы сынды үлкен марапатқа ие болған немістердің қатары күн санап артты. 50-жылдары Павлодар облысында мемлекет тарапынан жүзден астам неміс этносының өкілдері түрлі деңгейдегі марапаттарға ие болды (ҚРОМА. 1488-к., 8-т., 79-іс, 32-п). Мұндай еңбек адамдары Қарағанды облысында да аз болған жоқ. 1954 жылдан бастап Кеңес Одағында жүзеге асырылған ауқымды мемлекеттік шара болып табылатын тың және тыңайған жерлерді игеруге немістер белсене ат салысты. Мұның басты себептері Қазақстанда тың жерлерді игеру негізінен солтүстік облыстарда жүргізілді. Тың игеру жылдарынан бастап еңбекке тартылған Қарағанды облысының немістері де ерен еңбек етіп, ұйымдастырушылық қызметі мен шаруашылықтағы белсенділігі үшін үкімет тарапынан түрлі марапаттауға ие болды. Мұның барлығы аталған шешімдерден кейін депортацияланған этностардың, оның ішінде немістердің білімі мен іскерлігінің бағаланғанын көрсетіп отыр. Осындай іскерлік пен қабілетінің арқасында немістердің әлеуметтік құрылымы мен қоғамдағы беделінің жоғарылай бастағанын анық көруге болады (ҚРОММ. қ. 1488. т. 8, іс. 79, п. 32). Мұндай жағдайлар бүкіл Қазақстан аумағында орын алып, ол ауылдағы халықтардың әлеуметтік өміріне оң серпіліс берді.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, 1945-1955 жылдар аралығы Қазақстанның халық шаруашылығы мен демографиясы тарихындағы айтулы оқиғаларға толы кезең саналып, ол тарихта аса ірі процестерді қамтыған уақыт аралығы ретінде қалды. Бұл кезеңде Қазақстан жерінде демографиялық процестер аса ірі көлемді жүргізіліп, ол мемлекетте ауыл шаруашылығының дамуына ерекше ықпал етті. Халықтардың көші-қоны, барлық халықтардың соғыстан тұралап қалған мемлекет экономикасы үшін жұмыла еңбек етуі мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық және демографиялық тарихында аса үлкен із қалдырды. Мемлекеттің дамуы аз уақыт ішінде алға жылжыды және белгілі көрсеткіштерге жете алды. Дегенмен халықтардың тұрмысы мен олардың орналасуына қатысты жағдайлар назардан тыс қалып қойды. Ең бастысы, мемлекеттік саясат пен ұраншылдықтың және мықты идеология мен ауызбірліктің арқасында кеңестік Қазақстан халқы дами отырып, келесі кезеңге аяқ басты.

Әдебиеттер мен деректер тізімі

- Асылбеков М.Х., Галиев А.Б. Социально-демографические процессы в Казахстане (1917-1980 гг.). – Алма-Ата: Ғылым, 1991. – 192 с.
- Асылбеков М.Х., Құдайбергенова А.И. Қазақстан халқының әлеуметтік-демографиялық жағдайы (1939-1959 жж.). – Алматы: Өркениет, 2005. – 160 б.
- Базанова Ф.И. Формирование и развитие структуры населения Казахской ССР. – Алматы: Наука, 1987. – 152 с.
- Қозыбаев М.Қ., Алдажұманов Қ.С., Әбілхожин Ж.Б. Қазақстандағы күшпен коллективтендіру: қорлық пен зорлық. – Алматы, 1992. – 32 б.
- Козина В.В. Население Центрального Казахстана (40-е годы – конец XX века). – Алматы: Өркениет, 2001. – 184 с.
- Құдайбергенова А.И. Кеңес дәуіріндегі Қазақстандағы көші-қон үдерістері: тарихи-демографиялық аспект (1917-1991 жж.). / тарих...ғылым... докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. Авторефераты. – Алматы, 2010. – 54 б.
- Қожаханова Қ.К. Қазақстанға жер аударылған халықтар және олардың Республиканың халық шаруашылығын қалпына келтіріп, дамытуға қосқан үлесі (1946-1960 жылдар). / тарих...ғылым... канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. – Алматы, 2007. – 27 б.
- ҚРОМА. 1488-қ., 8-т., 79-іс, 32-п.
- ҚРОМА. 1137-қ., 18-т., іс.155-іс, 30-п.
- Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы. – Алматы: Арыс-Казахстан, 1998. – 428 с.
- Сон Ен Хун. Қазақстандағы аз ұлттардың қатынастары және әлеуметтік-саяси тарихы (1935-2009 жж.). / тарих...ғылым... канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. – Алматы, 2010. – 27 б.

References

- Asylbekov M.H., Galiev A.B. Sotsialno-demograficheskie protsessy v Kazahstane (1917-1980 gg.). – Alma-Ata: Gylym, 1991. – 192 s.
- Asylbekov M.H., Qudaibergenova A.I. Qazaqstan halqynyń áleymettik-demografıalyq jaǵdary (1939-1959 jj.). – Almaty: Órkeniet, 2005. – 160 b.
- Bazanov F.I. Formirovanie i razvıtie strýktýry naselenııa Kazahskoi SSR. – Almaty: Naýka, 1987. – 152 s.
- Qozybaev M.Q., Aldajumanov Q.S., Ábilhojin J.B. Qazaqstandaǵy kúshpen kollektivtendirý: qorlyq pen zorlyq. – Almaty, 1992. – 32 b.
- Kozina V.V. Naselenie Tsentralnogo Kazahstana (40-e gody – konets HH veka). – Almaty: Órkeniet, 2001. – 184 s.
- Qudaibergenova A.I. Keńes dáýirindegi Qazaqstandaǵy kóshi-qon úderisteri: tarihi-demografıalyq aspekt (1917-1991 jj.). / tarih...gylym... doktory gylymi dárejesin alý úshin daıyndalǵan diss. Avtoreferaty. – Almaty, 2010. – 54 b.
- Qojahanova Q.K. Qazaqstanǵa jer aýdarylǵan halyqtar jáne olardıń Respýblikanyń halyq sharyashylyǵyn qalpyna keltirip, damytýǵa qosqan úlesi (1946-1960 jyldar). / tarih...gylym... kand. gylymi dárejesin alý úshin daıyndalǵan diss. – Almaty, 2007. – 27 b.
- QROMA. 1488-q., 8-t., 79-is., 32-p.
- QROMA. 1137-q., 18-t., 155-is., p. 30-p.
- Deportirovannye v Kazahstan narody: vremia i sydby. – Almaty: Arys-Kazakhstan, 1998. – 428 s.
- Son En Hyn. Qazaqstandaǵy az ulttardyń qatynastary jáne áleymettik-saiasi tarihy (1935-2009 jj.). / tarih...gylym... kand. gylymi dárejesin alý úshin daıyndalǵan diss. – Almaty, 2010. – 27 b.

МАЗМҰНЫ

Абдукадыров Н.М., Ақынова А.П. ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДА БАТЫРЛАР ИНСТИТУТЫ ЖӘНЕ ОСМАН ИМПЕРИЯСЫНДА ЯНЫЧАРЛАР ӘСКЕРИ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІ (XV-XVIII ғғ.).....	5
Алдажұманов Қ.С., Шілдебай С.Қ., Асанова С.Ә. ҚАЗАҚСТАННЫҢ СОҒЫС КЕЗІНДЕГІ ТАРИХЫНАН (1941-1945).....	17
Ахмет А.Қ., Шотанова Ғ.А., Қозыбақова Ф.А. ЭТНОГРАФ-ҒАЛЫМ САЛЫҚ БАБАЖАНОВ.....	32
Әбсадық А.А. КЕЙКІ МЕРГЕН: ХАЛЫҚТЫҚ БАЯНДАУЛАР ЖӘНЕ ЖАЗБА ДЕРЕКТЕР	44
Әбсадық А.А., Исенов Ө.И. КЕЙКІ БАТЫР: ЖЫЛАНШЫҚ-ЖАЛАУЛЫДАҒЫ ҚАНДЫ ОҚИҒА	57
Әпендиев Т.Ә. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АУЫЛ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ САНДЫҚ КӨРСЕТКІШІ БОЙЫНША ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕР.....	69
Байдалы Р.Ж. 1930-ЖЫЛДАРДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ КЕЗІНДЕГІ ОРТА АЗИЯ РЕСПУБЛИКАЛАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ БОСҚЫНДАРЫ.....	78
Батырхан Б.Ш., Жүзбаева Ұ.Д. «ТАҚУИМ ӘЛ-БҰЛДАН» ДЕРЕККӨЗІНДЕГІ ЖЕРОРТА ТЕҢІЗІ АРАЛДАРЫ ЖӘНЕ АТЛАНТ МҰХИТЫНЫҢ ТАРИХИ ГЕОГРАФИЯСЫ.....	91
Бисембаева Л.А. ТАУАР-АҚША ҚАТЫНАСТАРЫ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ ҚАЗАҚТАРЫ (XIX ғасырдың II жартысы – XX ғасырдың басы).....	100
Борбасов С.М. ТӘУЕЛСІЗ МЕМЛЕКЕТ ПАРАДИГМАСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ДАМУ ДИАЛЕКТИКАСЫ.....	110
Ескеева М.Қ. ТҮРКІ ТІЛДЕРІНІҢ ТАРИХИ КЛАССИФИКАЦИЯСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛІ.....	131
Жұмаділ А.Қ., Өжкенов Е.М., Жұмаділ М.Т. ДАЛАЛЫҚ ЭЛИТА: БИЛЕУШІЛЕРДІҢ, БИЛЕУШІ ӘУЛЕТ ПЕН ТАЙПАЛАРДЫҢ ШЫҒУ ТЕГІНІҢ КИЕЛІЛІГІ ЖӨНІНДЕ.....	142
Жүгенбаева Г.С. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІ САҚТАУ ЖОЛЫНДАҒЫ КҮРЕСІНІҢ ТАРИХИ ДЕРЕКТЕРІ.....	156
Жүнісбаев А., Алдажұманов Қ., Шілдебай С. СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ АТТЫ ӘСКЕРИ ҚҰРАМАЛАРЫ (1941-1945): 81, 96 және 105 атты әскер дивизияларының материалдары бойынша	168
Иембекова М.О. ҚАЗАҚСТАН МЕН ҚЫРҒЫЗСТАН АРАСЫНДАҒЫ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ҚАЗІРГІ ДАМУ ДЕҢГЕЙІ ЖӘНЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	191
Ильясова З.С. АКАДЕМИК Б.Е. КӨМЕКОВ ЖӘНЕ ОНЫҢ ОТАНДЫҚ ДЕРЕКТАНУ ҒЫЛЫМЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ.....	206
Исенов О.И. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 30-ЖЫЛДАРДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ: ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ АТАМЕКЕНЕН КӨШУІ.....	218
Кабдушев Б., Шілдебай С. ҮКІМЕТ ТӨРАҒАСЫ Н. НҰРМАҚОВ ЖӘНЕ МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	231
Қабыл А.Ә. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ XVIII Ғ. СОҢЫ МЕН XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТЫ ОҚЫТУДЫҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ПРАКТИКАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	248
Қаипбаева А.Т. МАХАМБЕТ ӨТЕМІСҰЛЫ – ҰЛТ АЗАТТЫҒЫ ЖОЛЫНДАҒЫ КҮРЕСКЕР ТАРИХИ ТҰЛҒА.....	260

Қали А.Н. ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ «БӘРІ ДЕ МАЙДАНҒА, БӘРІ ДЕ ЖЕҢІС ҮШІН!» ҰРАНЫМЕН ЖЕҢІСКЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ (Жамбыл облысының мысалында).....	274
Қали А.Н. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ ЖЫЛДАРДАҒЫ САУАТТЫЛЫҚ ПЕН БІЛІМ ДЕҢГЕЙІ (1946-1955).....	287
Қозыбаева М.М. XX ғ. 30-шы жж. басындағы ашаршылық кезеңінде батыс сібір аумағындағы қоныс аударушылары.....	304
Қоңқабаева Н.Н. ОРТАҒАСЫРЛЫҚ АТ-ТУХФА ҚОЛЖАЗБАСЫНА ТАРИХИ-ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТТАМА	313
Маргулан Д.А., Маргулан А.С. XVIII ғ. ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІН САҚТАП ҚАЛУДАҒЫ ОЛЖАБАЙ БАТЫРДЫҢ РӨЛІ	324
Мұхатова О.Х. АЛАШ АРДАҚТЫСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ ТУРАСЫНДАҒЫ ОЙЛАРЫ	334
Нагимов Ш.Н., Бердыгужин Л.Б., Жумабаева Э., Молдашева С.К. АТЫРАУ ӨЛКЕСІ ПЕДАГОГТАРЫНЫҢ ӨНЕГЕЛІ ЖОЛЫ: САУАТСЫЗДЫҚТАН ОРТА МЕКТЕПКЕ.....	345
Оспанов Н.М. ҰЛЫ ДАЛА КӨШПЕНДІЛЕРІ МЕН КӨНЕ ЖӘНЕ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ КОРЕЙ МЕМЛЕТТЕРІ БАЙЛАНЫСТАРЫНЫҢ ТАРИХНАМАСЫ.....	358
Рамазанова Ф.С., Какенова З.К. КЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ-ТІЛДІК ҚҰРЫЛЫС ТАРИХЫНАН: ЛАТЫН ӨЛПБІІ ҮШІН КҮРЕС.....	368
Рүстемов С.К., Оразов Р.Е. МҰСЫЛМАНДЫҚ ҚОЗҒАЛЫС ЖӘНЕ ҚАЗАҚТАР.....	385
Садвокасова З.Т. ҚАЗАҚТАР АРАСЫНДА ПРАВОСЛАВИЕЛІК УАҒЫЗ (XIX – XX ғасырдың басы).....	399
Сатанов А.Б. ҚАШЫҚТАН БІЛІМ БЕРУДІҢ ҚАЛЫПТАСУ ЖӘНЕ ДАМУ ТАРИХЫ: ФЕНОМЕНОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ	411
Серубаева А.Т. Ш. УӘЛИХАНОВ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ШЫҒЫС ТҮРКІСТАННЫҢ ЭТНИКАЛЫҚ-САЯСИ ТАРИХЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	431
Стамшалов Е.И. АРАЛТӨБЕ КӨТЕРІЛІСІ: ТАРИХЫ МЕН ТАҒЫЛЫМЫ.....	443
Тусупов А.Р. ЕЖЕЛГІ ТҮРКІЛЕРДІҢ САЯСИ АНТРОПОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ КӨШПЕЛІ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІНІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ	458
Ужкенов Е.М., Шотанова Г.А. РЕВОЛЮЦИЯҒА ДЕЙІНГІ РЕСЕЙ ТАРИХНАМАСЫНЫҢ АЙНАСЫНДАҒЫ САРАЙШЫҚ ЖӘНЕ АҚТӨБЕ ТАРИХЫ.....	472
Шакенов С.Т., Ерғабылов А.Е. ҚАЛБА-НАРЫМ Өңіріндегі қола дәуірі ескерткіштерінің зерттелу тарихына қысқаша шолу (1991 жылға дейін).....	484
Шотанова Г.А., Ужкенов Е.М., Джумағалиева К.В. ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ СЫРТҚЫ ТАРИХНАМАДАҒЫ ЖӘНГІР ХАНДЫҢ БАСҚАРУ САЯСАТЫ БАҒЫНДАҒЫ ОБРАЗЫ	495
Шілдебай С., Кабдушев Б., Жұматов Д. КЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАН: ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ІС ЖҮРГІЗУДІ ЕНГІЗУ ТАРИХЫНАН	507

СОДЕРЖАНИЕ

Абдукадыров Н.М., Акынова А.П. ИНСТИТУТ БАТЫРОВ В КАЗАХСКОМ ОБЩЕСТВЕ И ФУНКЦИИ ЯНЫЧАРСКОЙ ВОЕННОЙ СИСТЕМЫ В ОСМАНСКОЙ ИМПЕРИИ (XV-XVIII вв.).....	5
Алдажуманов К.С., Шилдебай С.К., Асанова С.А. ИЗ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА ВОЕННОГО ВРЕМЕНИ (1941-1945).....	17
Ахмет А.К., Шотанова Г.А., Козыбакова Ф.А. УЧЕНЫЙ-ЭТНОГРАФ САЛЫК БАБАЖАНОВ.....	32
Абсадык А.А. КЕЙКИ МЕРГЕН: НАРОДНЫЕ ПРЕДАНИЙ И ПИСЬМЕННЫЕ ИСТОЧНИКИ.....	44
Абсадык А.А., Исенов О.И. КЕЙКИ БАТЫР: КРОВАВОЕ СОБЫТИЕ НА ЖЫЛАНШЫК-ЖАЛАУЛЫ.....	57
Апендиев Т.Ә. ДЕМОГРАФИЧЕСКИЕ ПРОЦЕССЫ ПОКОЛИЧЕСТВЕННОМУ ПОКАЗАТЕЛЮ СЕЛЬСКОГО НАСЕЛЕНИЯ В КАЗАХСТАНЕ В 1945-1955 гг.....	69
Байдалы Р.Ж. КАЗАХСКИЕ БЕЖЕНЦЫ В РЕСПУБЛИКАХ СРЕДНЕЙ АЗИИ ВО ВРЕМЯ ГОЛОДА 1930-Х ГОДОВ.....	78
Батырхан Б.Ш., Жузбаева У.Д. ИСТОРИЧЕСКАЯ ГЕОГРАФИЯ ОСТРОВОВ СРЕДИЗЕМНОГО МОРЯ И АТЛАНТИЧЕСКОГО ОКЕАНА В ИСТОЧНИКЕ «ТАКВИМ АЛЬ-БУЛЬДАН».....	91
Бисембаева Л.А. ЖЕТЫСУЙСКИЕ КАЗАХИ В УСЛОВИЯХ ТОВАРНО-ДЕНЕЖНЫХ ОТНОШЕНИЙ (вторая половина XIX - начало XX века).....	100
Борбасов С.М. ПАРАДИГМА НЕЗАВИСИМОГО ГОСУДАРСТВА И ДИАЛЕКТИКА ЕГО РАЗВИТИЯ.....	110
Ескеева М.Қ. КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК В ИСТОРИЧЕСКОЙ КЛАССИФИКАЦИИ ТЮРКСКИХ ЯЗЫКОВ	131
Жумадил А.К., Ужкенов Е.М., Жумадил М.Т. СТЕПНАЯ ЭЛИТА: О САКРАЛЬНОМ ПРОИСХОЖДЕНИИ ПРАВЯЩИХ ПЛЕМЕН, ДИНАСТИЙ И ПРАВИТЕЛЕЙ.....	142
Жугенбаева Г.С. ИСТОРИЧЕСКИЕ ИСТОЧНИКИ О БОРЬБЕ ЗА НАЦИОНАЛЬНУЮ ИДЕНТИЧНОСТЬ КАЗАХСКОГО НАРОДА.....	156
Джунисбаев А., Алдажуманов К., Шилдебай С. КАВАЛЕРИЙСКИЕ СОЕДИНЕНИЯ КАЗАХСТАНА В ГОДЫ ВОЙНЫ (1941-45): по материалам 81-й, 96-й и 105-й кавалерийских дивизий	168
Иембекова М.О. СОВРЕМЕННЫЙ УРОВЕНЬ РАЗВИТИЯ И ПРОБЛЕМЫ ВЗАИМООТНОШЕНИЙ МЕЖДУ КАЗАХСТАНОМ И КЫРГЫЗСТАНОМ.....	191
Ильясова З.С. АКАДЕМИК Б.Е.КУМЕКОВ И ЕГО ВКЛАД В ОТЕЧЕСТВЕННОЕ ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ.....	206
Исенов О.И. ГОЛОД 30-Х ГОДОВ В КАЗАХСТАНЕ: ОТКОЧЕВКА КАЗАХОВ ИЗ СТРАНЫ.....	218
Кабдушев Б., Шилдебай С. ПРЕДСЕДАТЕЛЬ ПРАВИТЕЛЬСТВА Н. НУРМАКОВ И ПРОБЛЕМЫ ВОССТАНОВЛЕНИЯ СКОТОВОДЧЕСКОГО ХОЗЯЙСТВА.....	231
Кабыл А.А. ОСОБЕННОСТИ ТЕОРИИ И ПРАКТИКИ ПРЕПОДАВАНИЯ НАЦИОНАЛЬНО- ОСВОБОДИТЕЛЬНОГО ДВИЖЕНИЯ КОНЦА XVIII- НАЧАЛА XX ВЕКОВ В КАЗАХСТАНЕ.....	248
Каипбаева А.Т. МАХАМБЕТ УТЕМИСОВ – ИСТОРИЧЕСКАЯ ЛИЧНОСТЬ, БОРЕЦ ЗА НАЦИОНАЛЬНОЕ ОСВОБОЖДЕНИЕ.....	260

Кали А.Н. ВКЛАД КАЗАХСТАНЦЕВ В ДОСТИЖЕНИЕ ПОБЕДЫ ПОД ДЕВИЗОМ «ВСЕ ДЛЯ ФРОНТА, ВСЕ ДЛЯ ПОБЕДЫ!» (На примере Жамбылской области).....	274
Кали А.Н. УРОВЕНЬ ГРАМОТНОСТИ И ОБРАЗОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ В ПОСЛЕВОЕННЫЕ ГОДЫ (1945-1955 гг.)....	287
Козыбаева М.М. КАЗАХСКИЕ ОТКОЧЕВНИКИ НА ТЕРРИТОРИИ ЗАПАДНОЙ СИБИРИ В ПЕРИОД ГОЛОДА НАЧАЛА 30-Х ГГ. XX В.	304
Конкабаева Н.Н. ИСТОРИКО-ЛИНГВИСТИЧЕСКОЕ ОПИСАНИЕ СРЕДНЕВЕКОВОМУ МАНУСКРИПТУ АТ-ТУХФА	313
Маргулан Д.А., Маргулан А.С. РОЛЬ ОЛЖАБАЙ БАТЫРА В СОХРАНЕНИИ КАЗАХСКОЙ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ В XVIII В.	324
Мухатова О.Х. МЫСЛИ ДЕЯТЕЛЯ АЛАШ ОБ ОБРАЗОВАНИИ.....	334
Нагимов Ш.Н., Бердыгужин Л.Б., Жумабаева Э. Молдашева С.К. СЛАВНЫЙ ПУТЬ ПЕДАГОГОВ АТЫРАУСКОГО КРАЯ: ШКОЛ: ОТ ЛИКБЕЗА ДО СРЕДНИХ ШКОЛ.....	345
Оспанов Н.М. ИСТОРИОГРАФИЯ ВЗАИМООТНОШЕНИЙ КОЧЕВНИКОВ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ С ДРЕВНИМИ И СРЕДНЕВЕКОВЫМИ КОРЕЙСКИМИ ГОСУДАРСТВАМИ.....	358
Рамазанова Ф.С., Какенова З.К. К ИСТОРИИ НАЦИОНАЛЬНО-ЯЗЫКОВОГО СТРОИТЕЛЬСТВА В СОВЕТСКОМ КАЗАХСТАНЕ: БОРЬБА ЗА ЛАТИНСКИЙ АЛФАВИТ.....	368
Рустемов С.К., Оразов Р.Е. МУСУЛЬМАНСКОЕ ДВИЖЕНИЕ И КАЗАХИ.....	385
Садвокасова З.Т. ПРАВОСЛАВНАЯ ПРОПОВЕДЬ СРЕДИ КАЗАХОВ (XIX - начало XX веков).....	399
Сатанов А.Б. ИСТОРИЯ СТАНОВЛЕНИЯ И РАЗВИТИЯ ДИСТАНЦИОННОГО ОБРАЗОВАНИЯ: ФЕНОМЕНОЛОГИЧЕСКОЕ ИССЛЕДОВАНИЕ.....	411
Серубаева А.Т. ПРОБЛЕМЫ ЭТНИКО-ПОЛИТИЧЕСКОЙ ИСТОРИИ ВОСТОЧНОГО ТУРКЕСТАНА В ИССЛЕДОВАНИЯХ Ш. УАЛИХАНОВА.....	431
Стамшалов Е.И. АРАЛТЮБИНСКОЕ ВОССТАНИЕ: УРОКИ И ИСТОРИЯ.....	443
Тусупов А.Р. ПОЛИТИЧЕСКАЯ АНТРОПОЛОГИЯ И СПЕЦИФИКА КОЧЕВОЙ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ ДРЕВНИХ ТЮРОК.....	458
Ужкенов Е.М., Шотанова Г.А. ИСТОРИЯ САРАЙЧИКА И АКТОБЕ В ЗЕРКАЛЕ РОССИЙСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ ДОРЕВОЛЮЦИОННОГО ПЕРИОДА.....	472
Шакенов С.Т., Ергабылов А.Е. КРАТКИЙ ОБЗОР ИСТОРИИ ИЗУЧЕНИЯ ПАМЯТНИКОВ ЭПОХИ БРОНЗЫ В КАЛБА-НАРЫМСКОМ РЕГИОНЕ.....	484
Шотанова Г.А., Ужкенов Е.М., Джумагалиева К.В. ОБРАЗ ДЖАНГИР ХАНА В ПОЛИТИКЕ УПРАВЛЕНИЯ СТЕПЬЮ В ОТЕЧЕСТВЕННОЙ И ЗАРУБЕЖНОЙ ИСТОРИОГРАФИИ.....	495
Шилдебай С., Кабдушев Б., Жуматов Д. СОВЕТСКИЙ КАЗАХСТАН: ИЗ ИСТОРИИ ВВЕДЕНИЯ ДЕЛОПРОИЗВОДСТВА НА КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ.....	507

CONTENTS

Abdukadyrov N.M., Akynova A.P. INSTITUTE OF BATYRS IN KAZAKH SOCIETY AND FUNCTIONS OF THE JANISSARIES MILITARY SYSTEM IN THE OTTOMAN EMPIRE (XV-XVIII centuries).....	5
Aldazhumanov K., Shildebay S², Assanova S. FROM THE HISTORY OF KAZAKHSTAN IN WARTIME (1941-1945).....	17
Ahmet A.K., Shotanova G.A., Kozybakova F.A. ETHNOGRAPH-ALYM SALYK BABAZHANOV.....	32
Absadyk A.A. KEIKI MERGEN: FOLK TRADITIONS AND WRITTEN SOURCES.....	44
Absadyk A.A., Issenov O.I. KEIKI BATYR: BLOODY EVENT ON ZHYLANSHYK- ZHALAULY.....	57
Apendiyev T.A. DEMOGRAPHIC PROCESSES IN QUANTITATIVE TERMS OF THE RURAL POPULATION IN KAZAKHSTAN IN 1945-1955.....	69
Baidaly R.Zh. KAZAKH REFUGEES IN THE REPUBLICS OF CENTRAL ASIA DURING THE HUNGER OF THE 1930S.....	78
Batyrkhan B.Sh., Zhuzbayeva U.D. HISTORICAL GEOGRAPHY OF THE ISLANDS OF THE MEDITERRANEAN SEA AND THE ATLANTIC OCEAN IN THE SOURCE «TAQWIM AL-BULDAN».....	91
Bissembayeva L.A. THE ZHETSU KAZAKHS IN THE CONTEXT OF A COMMODITY AND MONEY RELATIONSHIP (SECOND HALFOF19 TH CENTURY -EARLY 20 TH CENTURY).....	100
Borbassov S.M. THE PARADIGM OF AN INDEPENDENT STATE AND THE DIALECTICS OF ITSDEVELOPMENT.....	110
Yeskeyeva M.K. KAZAKH LANGUAGE IN THE HISTORICAL CLASSIFICATION OF THE TURKIC LANGUAGES.....	131
Zhumadil A.K., Uzhkenov E.M., Zhumadil M.T. THE STEPPE ELITE: ON THE TITULAR ORIGIN OF RULING TRIBES, DINASTIES AND RULERS.....	142
Zhugenbayeva G. HISTORICAL SOURCES ON THE STRUGGLE FOR THE NATIONAL IDENTITY OF THE KAZAKH PEOPLE.....	156
Junisbayev A., Aldazhumanov K., Shildebay S. CAVALRY UNITS OF KAZAKHSTAN DURING THE WAR (1941-1945): based on materials of the 81 st , 96 th and 105 th cavalry divisions.....	168
Iyembekova M.O. CURRENT LEVEL OF THE DEVELOPMENT AND PROBLEMS OF RELATIONS BETWEEN KAZAKHSTAN AND KYRGYZSTAN	191
Ilyassova Z.S. ACADEMICIAN B. KUMEKOV AND HIS CONTRIBUTION TO DOMESTIC RESOURCE STUDIES.....	206
Issenov O.I. FAMINE OF THE 1930s IN KAZAKHSTAN: THE MIGRATION OF KAZAKH FROM THE COUNTRY	218
Kabdushev B., Shildebay S. CHAIRMAN OF THE GOVERNMENT N. NURMAKOV AND THE PROBLEMS OF RESTORING THE LIVESTOCK FARMING.....	231
Kabyl A.A. FEATURES OF THE THEORY AND PRACTICE OF TEACHING THE NATIONAL LIBERATION MOVEMENT OF THE LATE 18 th – EARLY 20 th CENTURIES IN KAZAKHSTAN.....	248
Kaipbaeva A.T. MAKHAMBET UTEMISOV – A HISTORICAL FIGURE, NATIONAL LIBERATION FIGHTER.....	260
Kali A.N. CONTRIBUTION OF KAZAKHSTANIS TO ACHIEVING VICTORY UNDER THE MOTTO «EVERYTHING FOR THE FRONT, EVERYTHING FOR VICTORY!» (ON THE EXAMPLE OF ZHAMBYL REGION).....	274
Kali A.N. THE LEVEL OF LITERACY AND EDUCATION IN KAZAKHSTAN IN THE POST-WAR YEARS (1945-1955).....	287

Kozybayeva M.M. KAZAKH MIGRANTS IN THE TERRITORY OF WESTERN SIBERIA IN THE PERIOD OF EARLY 1930-ies FAMINE.....	304
Konkabayeva N.N. АЛАШ АРДАҚТЫСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ ТУРАСЫНДАҒЫ ОЙЛАРЫ.....	313
Margulan D.A., Margulan A.S. OLZHABAI BATYR'S ROLE IN CONSERVATION KAZAKH STATEHOOD IN THE XVIII C.....	324
Mukhatova O.Kh. THOUGHTS OF THE ALASH LEADER ABOUT EDUCATION	334
NagimovSh.N., Berdyguzhin L.B., Zhumabayeva E., Moldasheva S.K. THE GLORIOUS PATH OF THE TEACHERS OF THE ATYRAU REGION:FROM LITERACY CLASSES TO SECONDARY SCHOOLS	345
Ospanov N. HISTORIOGRAPHY OF THE RELATIONSHIPS BETWEEN THE NOMADS OF THE GREAT STEPPE WITH THE ANCIENT AND MEDIEVAL KOREAN STATES	358
Ramazanova F.S., Kakenova Z.K. ON THE HISTORY OF NATIONAL-LANGUAGE CONSTRUCTION IN SOVIET KAZAKHSTAN: FIGHT FOR THE LATIN ALPHABET.....	368
Rustemov S.K., Orazov R.E. THE MUSLIM MOVEMENT AND THE KAZAKHS.....	385
Sadvokassova Z.T. ORTHODOX PREACHING AMONG KAZAKHS (second half of the XIX-early XX centuries).....	399
Satanov A.B. HISTORY OF FORMATION AND DEVELOPMENT OF DISTANCE EDUCATION: PHENOMENOLOGICAL RESEARCH.....	411
Serubayeva A.T. ISSUES OF ETHNIC AND POLITICAL HISTORY OF EAST TURKESTAN IN THE RESEARCH BY SH. UALIKHANOV.....	431
Stamshalov E.I. ARALTYUBES REBELLION: HISTORY AND LESSONS.....	443
Tussupov A.R. POLITICAL ANTHROPOLOGY AND SPECIFICITY OF THE NOMADIC STATEHOOD OF THE ANCIENT TURKS.....	458
Uzhkenov E.M., Shotanova G.A. HISTORY OF SARAYCHIK AND AKTOBE IN THE MIRROR OF RUSSIAN HISTORIOGRAPHY OF THE PRE-REVOLUTIONARYPERIOD.....	472
Shakenov S.T., Yergabylov A.E. BRIEF OVERVIEW OF THE HISTORY OF STUDYING BRONZE AGE MONUMENTS IN THE KALBA-NARYM REGION.....	484
Shotanova G.A., Uzhkenov E.M., Dzhumagalieva K.V. THE IMAGE OF JANGIR KHAN IN GOVERNANCE POLICY TOWARDS THE STEPPE IN DOMESTIC AND FOREIGN HISTORIOGRAPHY.....	495
Shildebay S., Kabdushev B., Zhumatov D. SOVIET KAZAKHSTAN: FROM THE HISTORY OF THE INTRODUCTION OFFICE WORK IN KAZAKH LANGUAGE.....	507

EDU.E-HISTORY.KZ

электрондық ғылыми журналы 2020. 4(24)

Бас редактор:
Қабылдинов З.Е.

Компьютерде беттеген:
Зикирбаева В.С.

Жарияланған күні: 15.12.2020.
Пішімі 70х100/16. Баспа табағы 26,6.

Құрылтайшысы және баспагері:
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
ШЖҚ РМК

Редакция мен баспаның мекен-жайы:
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
ШЖҚ РМК Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru.
Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй